

ӨР ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ ЕДІ



Ойлы өлендерімен көпшілікке танымал Журналист - педагог, ақын Саябек Айнатайұлы арамызда тірі жүргенде желтоқсанның 21-ші жұлдызында 70 жасқа толатын еді. Берісі аудан, әрісі облыс көлеміне ақындылығымен танылған азамат ұзақ жылдар аудандық „Ильич туы“ газетінде жауапты хатшы болып жемісті еңбек еткен болатын.

Ақынның 70-жылдығына орай әр кезеңде Жазылған бір топ өлендерін оқырмандар назарына ұсынуды көн көрдік.

Наурыз тойына

Ұлы наурыз - ұлы тойы
халқымның,
Бұл күн бізге жанып тұрған
жарқын күн.
Барша жердің тіршілігі
жанданып,
Тенесетін кезі ғой бұл күн
мен түн.

Ұлы тойға масайраймыз бәріміз
Жасарады жасанады көріміз.
Көніп күй қалмасын жаңа
жылда,
Шаттаныңдар, мақтаныңдар,
бәрініз.

Егеменді елімнің ұл, қыздары,
Бәрі сенсің аспанда жұлдыздары.
Болашағы елімнің бір өзінсің,
Бәрі сенсің елімнің жұлдыз бағы.

Жеткіншегім, сәбилер
күнде күлген,
Кезінді қызықтаймыз
алғаш жүрген.
Шат күлкің бостандықтан
айырылмасын,
Мың ғасырда халқыма
жаңа келген.

Ел көшін бастаған бар
азаматтар,
Істерін ол өткізген
елін мақтар.
Іргеміз Елбасымен көгереді,

Нұрсұлтан ағамызды елім
жақтар.
Асқақ ән мына аспанда
қалықтайды,
Ұл-қызым ән шырқаудан
жалықпайды,
Жер ұйығы елім сен Қазақстан,
Бар жерін аралаған Асан қайғы.

Кен далам ұлы тоймен
дүбірлеген,
Бусанып жер жасарып
наурыз келген.
Төл туып, ақ сүт аққан,
егін еккен,
Нұра өзені тасып жатыр
кемерінен.

Наурыз күн, наурыз мейрам,
ұлы тойым,
Қазақта жыл басы мен
сәнді тойдың.
Көсегем көгереді жыл басымен,
Құтты болсын айтамын
ұлы тойым.

Уа халқым!
Баршаңыз бір-біріңді
құттықтаңдар,
Бұл күнді көре алмай
кеткендер бар.
Ақ ниет, ақ тілегім
баршаңызға,
Әкелсін, ұлы бақыт
атқан тандар!

Ойлар

Неге оралад осындай да ойға мұң,
Қозып кетер от жалындай қайдағым.
Біліп қойшы әй, достарым бірақ та,
Мен емес қой мініп жүрер жайдағын.

Ақын едім алаулаған жалынды,
Бір сөз айтсам баршаңызға ағынды.
Түйсігі бар түсінетін адамға,
Айтам бірақ өлдекімге жағымды.

Өмір деген асау толқын толқыған,
Сол толқында талай рет толқығам.
Кім тындайды дүрсілін бұл жүректің,
Ақын едім асау шабыт шалқыған.

ТІЛЕК

Төтелеп тартып кетермін,
Жазармын менде жырларды.
Асудан асып жетермін,
Артқа тастап жылдарды.

Күмбірлеп кеуде кейде бір,
Жазылып жатса жыр жолы.
Қамқоршиы досым сен де бір,
Жарарсын көзбен сын толы.

ТӨРТТАҒАНААР

Орманшы адам балтасын,
Қайрайды жүзін өткір ғып.
Шабатын сөздің әр тасын,
Бізге де керек өткірлік.

Жазира жазық даланда,
Аңқыған жұпар иісін.
Туған жерім өзінсін,
Көнілімнің күйі сен.